

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

09 тамыз 2017 жыл

### **KASE 2017 жылдың шілде айындағы қор нарығының жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2017 жылдың шілде айындағы биржалық қор нарығының негізгі жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- Шілде айында биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемі Халық банктің Казкомды сатып алуына байланысты, 47,5 % төмендеді
- KASE Индексі жанама трендтен шығып, алты жылдық максимум деңгейін жаңартып, шілде айының қорытындысы бойынша 8,5 % өсті, сонымен қатар KAZ Minerals PLC акциялары бір айда 42 % өсті
- Акциялармен сауда-саттық көлемі шілде айында алдыңғы айларға қарағанда 3,6 есе өсті
- Қазақстан қор биржасында МБҚ орналастыру көлемі 1 трлн теңгеге артты
- Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының тізімі инвесторларға валюталық тәуекелді сақтандыруға мүмкіндік беретін пайлардың екі атауымен толықтырылды
- Тамыз айының басында деривативтер нарығындағы ашық позициялар 5,0 млрд теңгеге жетті.

\* \* \*

Шілденің қорытындылары бойынша KASE сауда-саттықтарының жалпы көлемі 9 998,5 млрд теңгеге жетті. Алдыңғы аймен салыстырғанда көрсеткіш 47,5 % төмендеді немесе 9 061,6 млрд теңгені құрады. Аталмыш көрсеткіш KASE репо мен валюталық своп операцияларын жатқызған, қаржы нарығында сауда-саттық белсенділігі (-10 010,0 млрд теңге немесе 56,2 %) төмендеуімен байланысты. Өз кезегінде, ол төмендеу Ұлттық банктің Казкомның акцияларын сатып алуы бойынша күрделі мәміленің жабылуының салдарынан туындап отыр.

Шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі де төмендегенін көрсетті – 116,5 млрд теңгеге немесе 10,4 %, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық белсенділігі он еседен артық өсті (+1 060,9 млрд теңге немесе 917,2 %).

### **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ**

#### Акциялар

Биржаның сауда-саттық тізімінде айдың аяғына қарай 106 эмитенттің 124 атаулы акциялары орналастырылды, оның ішінде листингілік емес алаңда – алты компанияның алты атауы кездеседі. Бір айдың ішінде KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңына "стандарт" санаты бойынша енгізілген "Altyn Bank" АҚ акциялары қосылды. Листингілік емес бағалы қағаздардың Секторын "КазТрансГаз" АҚ және "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының рейтингілік агенттігі" АҚ акциялары толықтырды.

Акциялар нарығының негізгі көрсеткіші KASE Индексі жанама трендтен шығып, шілде айының қорытындысы бойынша 8,5 % өсіп, 1 800,4 нүктеге жетті. Өсім индекске қосылған сегіз атаулы акциялардың алтауы бойынша тіркеліп отыр.

KASE Индексінің негізгі өсім драйвері ретінде KAZ Minerals PLC акцияларын атауға болады. Олардың құны бір айда 42 % дейін өсіп 3 026,00 теңгені құрады. Акцияларының өсуі мыс бағалауының оң тренді жағдайы мен инвесторлардың оптимистік көзқарасының, сондай-ақ,

компанияның мықты өндірістік нәтижесін жариялаудың арқасында орын алды. Мыс өндірісінің көлемі Бозшакөл мен Ақтоғай жаңа жобасында өндірістік қызметті ұлғайту есебінен екі еседен астам өсіп, 118 мың тоннаны құрады. Группы KAZ Minerals тобының Басқарма төрағасы өндірістік көрсеткіштердің өсуінің өнімнің өз бағасына оң ықпал ететіні туралы, яғни оң фактор екендігі туралы хабарлады.

KASE Индексінде құлдырау лидері болып "КазТрансОйл" АҚ акциялары саналды, олар 1,2 % -ға 1 198 теңгеге төмендеді. Аталмыш акциялардың құны эмитенттердің өндірісік қызмет нәтижесін жақсарту барысында мамыр айында дивидендтік төмендеуден кейін бүйірлік қозғалысты жалғастыруда.

### Шілде айында KASE Индексін құрайтын өзгертулер

Эмитент	Сауда-саттық коды	бағасы, бір акцияға теңге			бағаны өзгерту, теңге	
		01.01.17	01.07.17	01.08.17	шілдеде	2017 жылы
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	1 511,00	2 130,00	3 026,00	+42,1	+100,3
"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	RDGZ	15 270,00	18 300,00	19 400,00	+6,0	+27,0
"Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	50,34	73,50	77,40	+5,3	+53,8
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	168,41	156,00	162,30	+4,0	-3,6
"Кселл" АҚ	KCEL	1 102,01	1 290,00	1 330,00	+3,1	+20,7
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	14 522,97	16 200,00	16 351,10	+0,9	+12,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 192,15	1 404,99	1 398,84	-0,4	+17,3
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 231,00	1 214,00	1 200,00	-1,2	-2,5

KASE акциялар нарығын қаржыландыру шілде айында 9,2 % өсті немесе 1,3 трлн теңгеден 15,9 трлн теңгеге артты. Көрсеткіш өсімін экономиканың барлық секторлары көрсетті, алайда ең жоғарғы дәрежеде өнеркәсіп секторы өсті (+685,2 млрд немесе 96,9 %), ол "Altyntau Kokshetau" АҚ акцияларымен мәміле жасаумен байланысты болды, одан кейін акциялар KASE акциялар нарығын қаржыландыру есебіне қосылды. 404,1 млрд теңгеге немесе 31,5 % өсімді KAZ Minerals PLC акцияларының құны есебінен "Материалдар" секторы көрсетті.

Акциялармен сауда-саттық көлемі шілде айында алдыңғы айға қарағанда 3,6 есе немесе 87,9 млрд теңгеден 121,3 млрд теңгеге дейін өсті. Барлық көлем қайталама нарықта өтті, сондай-ақ орташа күндік сауда-саттық көлемі 6 067,2 млн теңгеге жетті. Алдыңғы аймен салыстырғанда төрт есеге жуық өсті. Сауда-саттық көлемі 26 шілдеде "Каспий мұнай" АҚ акцияларын KASE арнайы мамандандырылған сауда-саттықта сатумен тікелей байланысты. Мақсаты акционерлерді ауыстыру болып табылатын мәміле көлемі 110,8 млрд теңгеге жетті, ол шілдедегі акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 91,4 % құрайды. Мәміле мәні - компанияның барлық орналасатырылған акциялары.

Қазақстан қор биржасында 01 және 21 шілдеде FERRO-ALLO RESOURCES LIMITED (негізгі қызметі- ванадий және оған ұқсас рудаларын барлау, өндіру және өңдеу, әрі сатумен байланысты) акцияларына жазылым жүргізу үшін өтінімдерді жинақтау жүргізілді. Өтінімді жинақтау нәтижелері бойынша жазылымды эмитент қайталама нарықта сенімді өтімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті көлем жетіспеушілігі себебінен жазылым жүргізілмеген болып жарияланды. "

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде акциялар нарығындағы ең белсенділері жеке тұлғалар болып табылады, олардың шотына 53,7 % айналымнан келді. Брокер-дилерлердің үлесі 28,3 %, еінші деңгейдегі банктердің шотына (ЕДБ) 3,3 % келді, басқа институционалдық инвесторларға – 2,2 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 12,4 % келді. KASE акциялар нарығындағы брутто-айналымында бейрезиденттердің үлесі 2,1 % құрады. KASE акцияларымен мәміле жасауға қатысқан жеке тұлғалардың саны шілде айында алдыңғы айға қарағанда 22,3 % құрады.

17 шілдеден бастап тағы алты акциялардың есептесуі Т+2 сызбасы бойынша аударылды: "Ақтөбе металл құрылымдары заводы" (AKZM) жай акциялары; "Казкоммерцбанк" АҚ артықшылықты акциялары (KKGВр); "Қазақтелеком" АҚ артықшылықты акциялары (KZTKр); "Газпром" ӨАҚ жай акциялары (RU\_GAZP); "Ростелеком" ӨАҚ жай акциялары (RU\_RTKM); "Аэрофлот – ресей авиажелілері" ӨАҚ жай акциялары (RU\_AFLT). Сонымен, KASE клирингтік қызмет көрсетуге қойылған, есептесуі Т+2 сызбасы бойынша акциялар атауының жалпы саны 19-ға жетті.

### Корпоративтік облигациялар

KASE айналымындағы корпоративтік қарыз құнының номиналдық қосынды құны шілде айында доллар бағамының өсуі есебінен және KASE тізіміндегі халықаралық облигациялардың тиісті қайта бағалауынан кейін 981,9 млрд теңгеге артып, 8,5 трлн жетті.

KASE сауда-саттық тізімінде шілде айының соңында 65 эмитент шығарған, 258 облигация болды. Есептік айда Биржаның тізіміне жаңа облигациялар қосылған жоқ, ал облигациялардың бес шығарылымы айналым мерзімі өтуіне байланысты ресми тізімнен шығарылды.

KASE\_BY корпоративтік облигацияларының кірістілігі Индексі бір айда 135 базистік нүктеге жылдық 9,27 % нүктеге төмендеді, сонымен қатар, аталмыш индикатор 2016 жылдың басынан бастап орналасқан.

Корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі есептік кезеңде 27,5 млрд теңгені құрады және алдыңғы аймен салыстырғанда 43,2 % немесе 20,9 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1 376,0 млн теңгеден артқан жоқ, 37,5 % төмендеді.

Облигациялармен сауда-саттық көлемінің төмендеуі жаңа орналастырулардың толық болмауымен түсіндіріледі. Егер маусым айында алғашқы нарық көлемі 44,5 млрд теңгені құраса, шілде айында миллиард теңгені құрады. Аталмыш көлем – KASE сауда-саттық жүйесінде 01 - 17 шілде аралығында өткізілген, "Фридом Финанс" АҚ екінші шығарылымы облигацияларына жазылым нәтижесі болып табылады. Қосынды сұраным - 1,1 млрд теңгені құрады және ұсыным көлемін 7,8 % арттырды. Барлығы жазылым аясында 37 мәміле жасалды. Заңды тұлғалар 842,8 млн теңгеге (орналастыру көлемінен 86,3 %), жеке тұлғалар – 134,0 млн (13,7 %) бағалы қағаздар сатып алды.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 26,5 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы айдағы нәтижеден жеті есе немесе 22,6 млрд теңгеге артық.

Корпоративтік облигациялар нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брокерлер-дилерлердің үлесі 6,5 %, ЕДБ – 13,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 26,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 51,9 % құрады. Жеке тұлғалардың үлесі 1,6 %-дан аспады, ал резидент еместердің үлесі 0,6 % құрады.

### Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ)

Биржадағы мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық көлемі шілде айында 1 026,7 млрд теңгеге жетті, бұл алдыңғы айдың нәтижесінен 36 есе артық. Бастапқы нарық өсім көрсетті, ондағы орналастырулар көлемі Қаржы министрлігінің арқасында 52 есеге өсіп, 1 017,7 млрд теңгеге жетті. Сатып алушылардың құрылымы бойынша МБҚ орналастырудағы ЕДБ үлесі 98,7 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 1,0 % құрап, 0,4 % өзге заңды тұлғалар сатып алды.

МБҚ қайталама нарығының көлемі 0,4 % өсіп, 9,0 млрд теңгеге жетті. Қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық көлемінде ЕДБ үлесі 24,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 43,4 % құрады, брокерлер-дилерлердің үлесі айналымның 15,7 %, ал басқа заңды тұлғалар – 16,8 % бақылауға алды. Жеке тұлғалар мен резидент еместер биржалық нарықтың осы секторында есептік айда жұмыс жасаған жоқ.

### Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

Осы секторға екі жаңа қаржы құралы енгізілді:

- "BCC Invest" АҚ бақылауындағы "ЦентрКредит – Валютный" ИПИҚ KZPFN0012216 (KZPF00000058, BCC1\_cc) пайлары;
- "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ бақылауындағы "ОРКЕН" ИПИҚ KZPFN0043054 (KZPF00000066, ASYL\_or) пайлары.

Нәтижесінде, Биржада саудаланатын, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары атауларының жалпы саны алтыға жетті.

Есептік айдағы осы қаржы құралы сауда-саттығының жиынтық көлемі 14,4 млн теңге құрап, алдыңғы айдан 36 %-ға немесе 3,8 млн теңгеге артты.

Шілде айында секторда ең белсенді заңды тұлғалар болды, олардың үлесі 72,2 % жетті. Жеке тұлғалар мен брокерлер-дилерлердің үлестері теңдей – 13,9 %-дан болды.

### Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары

24 шілдеден бастап Биржаның ресми тізіміне Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкінің халықаралық облигацияларының екі шығарылымы енгізілді:

- XS1522918256 (1,0 млрд теңге, 34,0 млрд теңге; 21.11.16 – 21.11.21; Қазақстандағы инфляция деңгейі бойынша индекстелген тоқсандық купон; actual/360);
- XS1535796368 (1,0 млрд теңге, 34,0 млрд теңге; 15.12.16 – 15.12.21; Қазақстандағы инфляция деңгейі бойынша индекстелген тоқсандық купон; actual/360).

Ресми тізімнің осы секторында екі эмитенттің сегіз атаудағы бағалы қағаздары енгізілген. Осы қаржы құралдарымен шілде айында мәмілелер жасалған жоқ.

### Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғалардың шоттары

Шілде айының соңында Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің есепке алу жүйесінде 108 714 жеке тұлғалардың атына ашылған жеке шоттар болды, бұл көрсеткіш алдыңғы айдың соңындағы көрсеткіштен 269 шотқа артық және 2017 жылдың басындағы көрсеткіштен 3 854 шотқа артық.

### **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ**

Шетел валюталарының спот-нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 1 005,0 млрд теңге баламасы деңгейінде қалыптасты, бұл алдыңғы айдың көрсеткішінен 10,4 % немесе 116,5 млрд теңгеге төмен.

Төменде берілген кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы аймен салыстырғанда өзгергені көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының қазақстандық теңгеге орташа сараланған номиналды өзгеруін сипаттайды).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Банктер саны	макс. және мин. бағам, валюта бірлігіне теңгемен	Бағамның өзгеруі
USD/KZT	3 070,4 (-11,8 %)	99,42 (-9 п.п.)	6 289 (-599)	33 (+1)	320,00–328,52	328,07 (+1,8 %)
RUB/KZT	938,8 (+30,3 %)	0,51 (+16 п.п.)	171 (+17)	12 (-1)	5,4055–5,5241	5,4914 (+0,9 %)
EUR/KZT	1,6 (-49,2 %)	0,06 (-4 п.п.)	8 (-11)	4 (-1)	365,80–385,10	385,10 (+4,4 %)
CNY/KZT	2,9 (-69,0 %)	0,01 (-2 п.п.)	22 (-50)	6 (0)	47,4600–48,6025	48,6025 (+2,5 %)

Кестеде теңгенің шілде айында Биржада саудаланатын барлық валюталарға қатысты әлсізденуі көрсетілген. Бағамның ең үлкен номиналды төмендеуі еуро мен юаньға қатысты болды. Есептік айдағы негізгі бағамқұраушы факторлар, әзірленіп жатқан Ресейге қарсы ықпалшаралардың салдарынан болған, еуроның долларға қатысты күшеюі, рубльдің әлсізденуі, және әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының өсуі осы ықпалшаралардың әсерін жұмсартты.

Шілде айында, алдыңғы айдағыдай, Биржада шетел валюталарымен жұмыс жасауға 33 KASE мүшесі құқылы болды.

### **АҚША НАРЫҒЫ (РЕПО ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП)**

Биржалық ақша нарығының бағалы көрсеткіштері шілдеде айтарлықтай өзгерген жоқ, бұл ең алдымен базалық мөлшерлеменің тұрақтылығымен шартталды. KazPrime-3M (KZT) жылдық 11,5 % деңгейінде қалды. MM\_Index мәні 13,6 базтік нүктеге төмендеп, жылдық 9,50 % құрады. TONIA 14 базистік нүктеге төмендеп, айдың соңында осы индикатордың мәні жылдық 9,50 % құрады, TWINA 18 базистік нүктеге төмендеп, жылдық 9,35 % құрады. Долларлық своптың кірістілігі 56 базистік нүктеге өсіп, жылдық 9,56 % құрады.

Ақша нарығындағы жиынтық сауда-саттық көлемі 7 812,9 млрд теңгеден аспай, алдыңғы аймен салыстырғанда 56,2 % немесе 10 010,0 млрд теңгеге дейін төмендеді. Валюталық своптың сегменті ең үлкен төмендеуді көрсетті – 84,2 %-ға немесе 9 809,2 млрд теңгеге. Айтылмыш өзгерістер негізінен Ұлттық банктің Казкоммерцбанкті сатып алу бойынша мәміленің жабылуы салдарынан болып, бірнеше банктің валюталық своп операцияларына қызығушылығының күрт төмендеуін, ал соның нәтижесінде, теңгені репо операцияларының нарығына тартуды көрсетті.

### Репо операциялары

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі шілде айында 5 975,2 млрд теңге деңгейінде қалыптасты, яғни, маусым айымен салыстырғанда 3,3 % немесе 200,8 млрд теңгеге азайды. Осы көлемнің 96,5 % МБҚ-мен авторепо үлесінде болса, , 3,1 % – ББҚ-мен автореп, қалғаны – ББҚ-мен тікелей репо операцияларының еншісінде болды.

Репо операцияларының орташа күндік көлемі 298,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың нәтижесінен 6,4 % немесе 18,0 млрд теңгеге артық.

Репо операцияларын Биржада шілде айында 49 KASE мүшелері жүргізді.

### Валюталық своп операциялары

Шілде айында осы тұрпаттағы операциялар Қазақстан қор биржасында бір күндік және екі күндік теңгеге АҚШ долларымен своптармен сипатталды, бұл ретте АҚШ долларының үлесі айналымның 16,8 %, ал теңгенің үлесі – 83,2 % құрады. Маусымның тиісті көрсеткіштері – 12,8 және 87,2 % болды, яғни, нарық бірте-бірте бір күндік своптың басымдылығына қайта оралып келе жатыр.

Валюталық своп операциялары бойынша сауда-саттық көлемі шілде айында 1 837,8 млрд теңге жетіп, жоғарыда айтылғандай сауда-саттық көлемінің 84,2 % жоғалтты.

Операциялардың орташа күнік көлемі 91,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың нәтижесінен 82,6 % немесе 437,5 млрд теңгеге төмен.

Қазақстан қор биржасындағы валюталық своп операцияларды шілде айында 20 Биржа мүшелері жүргізді.

### Фьючерстер

Биржалық нарықтың осы секторындағы сауда-саттық көлемі шілдеде 5,0 млрд теңгені құрады, өткен айда фьючерстер бойынша Биржада мәмілелер жасалған жоқ. Сауда-саттықтың жалпы көлемі АҚШ долларының теңгеге үш айлық фьючерсінің үлесінде болды, олардың орындалуы 2017 жылдың қыркүйек айында болады. Мәмілелердегі бағалар бір АҚШ долларына 328,45–332,11 теңге аралығында құбылды. Тамыз айының басына дейін Қазақстан қор биржасында ашылған жайғасымдардың саны 15 000 келісімшартты құрады, олардың жалпы сомасы 5,0 млрд теңгеге жетті.

### **Анықтама үшін**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)